« СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІНІҢ «АҚЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ҚОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ «БАЛАПАН» БАЛАЛАР БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

БҰЙРЫҚ

150212 Ақжар ауданы
Кулыколь ауылы Советская 5

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ САД БАЛАПАН»КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ, АКЖАРСКОГО РАЙОНА» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ПРИКАЗ

150212 Акжарский район
Кулыкол ауылы Советская 5

2023жыл «27» қазан №29

Қамқоршылық кеңес құру туралы

"Білім беру ұйымдарында ' камқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығының 5-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМ Ы Н :**

1. Мектепке дейінгі ұйымда Қамқоршылық кеңес құру.
2. Қамкоршылық кеңестің құрамы 27.10.2023 жылдан бастап 3 жыл мерзімге бекітілсін:
   Азмаганов Канат Тайбасарович –«Азмаған» шаруа қожалығының басшысы.
   Мейрамов Жанат Каримжанович-Құлыкөл ауылдық округінің маманы.
   Жетписбаева Салтанат Талгатовна-«Болашақ» тобының ата-анасы.
   Кожулдаков Айдос Толегенович- ИП «Достлек».
   Сатыбалды Асем Сагитқызы-«Балақай» тобының ата-анасы.
   Зулкишев Жанибек Сабыржанович- БЖСМ жаттықтырушысы
   Здуалиева Кымбат Муратовна – Восход ауылдық округі әкімдігі аппаратының КММ бас маманы.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру.
4. Меңгеруші К.А.Нурмаганова Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатыссын.
5. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Жетписбаева С.Т тағайындалсын.
6. "Балапан "балалар бөбекжай бақшасы" КМҚК 2023 - 2026 жылдарға арналған Қамқоршылық кеңесі туралы ереже бекітілсін.
7. Мектепке дейінгі ұйымның сайтында 2023 – 2026 жылдарға арналған

7. Мектепке дейінгі ұйымның сайтында 2023 – 2026 жылдарға арналған Қамқоршылық кеңес құру туралы бұйрық орналастырылсын.
8. Осы бұйрықты орындалуын өзіме қалдырамын.

Меңгеруші К.Нурмаганова

Таныстым:

«Балапан» бөбекжай бақшасы МКҚК

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1.Жалпы ереже.

1.1. осы ереже ҚР білім және ғылым министрінің 27.07.2017ж. № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.
1.2.Қамқоршылық кеңес МДҰ алқалық басқару нысандарының бірі.
1.3. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде ҚР қолданыстағы заңнамасын, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын, МДҰ Жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
1.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті.

2.1. Қамқоршылық кеңестің құру мақсаты МДҰ оның жарғылық функцияларын жүзеге асыруда, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуді, материалдық техникалық базасын нығайтуда жардемдесу, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.
2.2. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:
* МДҰ балалар құқықтарының сақталуын, сондай- ақ МДҰ шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуын бақылауды жүзеге асыру.
* МДҰ Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу.
* МДҰ-ды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу.
* құрылғы мәселелері бойынша шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
* Жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасына орналастыру мәселелері бойынша шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
* МДҰ қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысу және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдау.
* мдұ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу.
*тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағыжергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңестің МДҰ жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.
*МДҰ басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы,қайырымдылық көмекті пайдалану және жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азамматардың отбасына орналасты бойынша қабылданатын шаралар туралы есептерін тыңдау.
* мдұ қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға,семинарларға, қатысу.
* мдұ қызметімен ҚР мдтәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мд тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиеленушілерге ұсынылған жағдайлармен танысу.

3. Қамқоршылық кеңестің құрамы.

3.1. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:
-жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
-коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері;
-ата-аналар;
-қайырымдылық жасаушылар (бар болса)

3.2. қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.
3.3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің құрамы СҚО әкімдігінің білім басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі.
3.4. қамқоршылыққеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде тоғыз адамды құрайды.
3.5. Қамқоршылық кеңестің мүшелері МДҰ қызметкерлерінің штатына кірмейді.
3.6. Қамқоршылық кеңестің басшысы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын оның төрағасы болып табылады. Төраға қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және ҚР заңнамасына және осы Ережеге сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.
3.7. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда , Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
3.8. Қамқоршылық кеңестің жұмысын хатшы қамтамасыз етеді.Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру Ұйымы қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырысының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары.

4.1. Қамқоршылық кеңестің құқығы бар:
- МДҰ материалдық-техникалық базасын дамыту үшін Қамқоршылық кеңес ұсынған қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде МДҰ қаржы шаруашылық қызметін бақылау;
- МДҰ даму перспективаларымен танысу, тиісті түзетулер енгізу;
-қайырымдылық көмектің негізгі бағыттарының іске асырылуын бақылау;
-қайырымдылық қаражатын бөлу тәртібін, олардың мөлшерімен оларды пайдалану бағыттарын белгілеу;
- ата –аналар қауымдастығын өз жұмысы туралы үнеме хабардар ету;
-жұртшылықтан түсетін қаражатты пайдаланудың заңдылығы мен тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру.

5. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5.1. Қамқоршылық кеңестің отырысы төраға өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.
5.2.Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды және ҚК мүшелеріне және Қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін МДҰ қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Хабарламада отырыстың өткізілетін күні,уақыты және орны қамтылады. Хабарламаға баяндамашы көрсетіле отырып, отырыстың күн тәртібі, аталған мәселелерді күн тәртібіне енгізу уәждерінкөздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.
5.3. қамқоршылық кеңестің отырысы өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі ол өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің хатшысына өзінің қатысқаны немесе қатыспағаны туралы хабарлайды.
5.4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы шақыру туралы ұсыныс келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.
5.5. қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай оның жұмыс жоспарына сәйкес тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.
5.6. ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.
5.7. қамқоршылық кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

5.8. қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде оны беру құқығынсыз бір дауысқа ие болады.

5.9. Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерінің тең құқықтары бар.

5.10. Қамқоршылық кеңестің шешіміоған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.11. МДҰ қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.12. МДҰ қабылдаған қайырымдылық көмектен түсетін кез келген түсімдер

- мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған білім беру ұйымдары үшін-ҚР бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегіуәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма қол ақшасын бақылау шотына.
- өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған білім беру ұйымдары үшін екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа аударылады.

5.13. қайырымдылық көиектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

-МДҰ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау

- МДҰ материалдық- техникалық базасын жетілдіру

-спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау

-ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарынан тыс білім беру процессін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

5.14. МДҰ жыл сайын қаржы жылының қорытындылары бойынша жұртшылықты мдұ, тиісті саланың уәкілетті органының, білім беру саласындағы жергілікті атұарушы органның интернет-ресурстарында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және қозғалысы жөніндегі өызметтің нәтижелері туралы хабардар етеді.

6. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату.

6.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

-тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша.

-МДҰ тарату және қайта ұйымдастыру кезінде жүзеге асырылады.

6.2. қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

-жеке бастамасы бойынша

-отырыстарда дәлелсіз себептермен қатарынан үш реттен артық болмауына байланысты шыға алады.

7. Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізу.

7.1. Қамқоршылық кеңестің отырыстары хаттамамен ресімделеді.

7.2. Қамқоршылық кеңестің отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімдері мен орындауға жауапты адамдар көрсетіле отырып шешім шығарылады. Кеңестің кезекті отырыстарында Төраға қамқоршылыққеңестің алдынғы отырысының шешімін орындау нәтижелері бойынша қорытынды шығарады.

7.3. қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасына отырысқа қатысқан қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қояды және отырыс өткізілгенен кейін үш күн ішінде жергілікті атқарушы органға жіберіледі, ол қабылданған шешімдер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

7.4. Қамқоршылық кеңесі отырыстарының хаттамалар кітабы әр беті нөмірленуі, білім беру ұйымы басшысының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен бекітілуі тиіс.

Ережемен таныстық және келісеміз:

1. Зулкашева Ж.С
2. Жетпісбаева С.Т
3. Шерімбаев Ш.К
4. Зарубекова Ж.Ш.
5. Сайлаубаева Д.С.
6. Азмагамбетов К.Т.
7. Конырханов К.Т
8. Нурмаганбетова. К.Д

«БЕКІТЕМІН»
«Балапан» балалар бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:
_____ К.А.Нурмаганова
«29» тамыз 2024жыл

«Балапан» балалар бөбекжай бақшасының қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Іс-шаралар тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу формасы
1	№1 отырыс «Балапан» балалар бөбекжай-бақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жұмыс жоспарын құру	Қыркүйек	Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелері	Хаттама, жұмыс жоспарын бекіту
2	№2 отырыс 1. 2024-2025оқу жылының I жарты жылдығында қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының қорытындысы. 2. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы 3. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері 4. Әртүрлі мәселелер	Желтоқсан	Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелері	Хаттама
3	№3 отырыс Балабақшадағы балалардың қатысымы, сауықтыру жұмыстары. Балабақшадағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру, сапасын бақылау	Наурыз	Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелері	Хаттама
4	№4 отырыс 1. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің есебі. Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын,	Мамыр	Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелері	Хаттама

	ауласын дайындау жұмыстары. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.			
5	Қамқоршылық кеңес мүшелерін балабақшаішілік мерекелерге, іс-шараларға қатыстыру	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері	

Хаттама №1

Қамқоршылық кеңестің отырыстары "Балапан" балабақшасы " МКҚК

Күні: 20.09.2024 ж. орны: музыка залы

Қатысты:9

1. «Балапан» балалар бөбекжай бақшасы меңгерушісі К.Нурмаганова

2. Әдіскер Бельгибаева А.К

4. 3 адам-топтардың ата-аналар комитеттерінің өкілдері (тізім қоса беріледі).

Қатысқанжоқ: жоқ

Шақырылды:

1.Азмаганов Канат Тайбасарович –«Азмаған» шаруа қожалығының басшысы.
2.Мейрамов Жанат Каримжанович-Құлыкөл ауылдық округінің маманы.
3.Жетписбаева Салтанат Талгатовна-«Болашақ» тобының ата-анасы.
4.Кожулдаков Айдос Толегенович- ИП «Достлек».
5.Сатыбалды Асем Сагитқызы-«Балақай» тобының ата-анасы.
6.Зулкишев Жанибек Сабыржанович-тренер ДЮСШ
7.Здуалиева Кымбат Муратовна –главный специалист КГУ аппарата акимата Восходского сельского округа.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.

2. Қамқоршылық кеңестің тізімдік құрамын қалыптастыру.

3. Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.

Баяндамашы: "Балапан" балабақшасының меңгерушісі.

Тыңдады: 1. ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен таныстырған "" балабақшасының меңгерушісі (сөз сөйлеу мәтіні қоса беріледі). Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидат-қатысушыларды таныстырды, балабақша Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері мен өкілеттіктерін сипаттады. РҚБ интернет-ресурсында Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін біздің балабақшамыздың Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетінін хабарлады.

кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін біздің балабақшамыздың Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетінін хабарлады.

Сөз сөйледі:

1. Балабақша әдіскері әр топтан алынған ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңестің тізімдік құрамының жобасын енгізді. (Талқылаудан кейін 6 өкілден 2 адам ұсынылды – әр топтан бір ата-ана өкілі).

2. Зулкишев Жанибек Сабыржанович- БЖСМ жаттықтырушысы

Кожулдаков Айдос Толегенұлың балабақшаның Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасын ұсынды.

3. "Балақай" топтың ата-анасы Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып Жетписбаева Салтанатты бекітілуін ұсынды

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімдері қоса беріледі.

ШЕШТІ:

I. Құрамында 2024-2026 оқу жылына" Балапан"балабақшасы" МКҚК Қамқоршылық кеңесін сайлау:

1.Айдос Толегенұлы Кожулдаков -Қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

2. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы- Жетписбаева Салтанат Талғатқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

3.Мейрамов Жанат Каримжанович-Құлыкөл ауылдық округінің маманы.
4.Сатыбалды Асем Сагитқызы-«Балақай» тобының ата-анасы.
5.Зулкишев Жанибек Сабыржанович-тренер ДЮСШ
6.Здуалиева Кымбат Муратовна – Восход ауылдық округі әкімдігі аппаратының КММ бас маманы.
7.Азмаганов Канат Тайбасарович –«Азмаған» шаруа қожалығының басшысы.

Шешім бірауыздан ашық дауыс беру арқылы қабылданды.
Қамқоршылық кеңес балабақшаның тыныс-тіршілігімен, "Балапан" балабақшасы" МКҚК нормативтік, жергілікті құжаттарымен танысып, 30.10.2024 жылға қарай кеңестің кезекті отырысында бекіту үшін Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлесін. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне: Мектепке дейінгі үйымның жұмысына белсенді катысу. Мектепке дейінгі үйым өткізетін түрлі іс-шараларга ата-аналардың белсенді катысуы үшін Қамкоршылык кеңес мүшелерінің топтардагы жұмысын ұйымдастыру. Мерзімі: 2024-2025оқу жылы.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Мейрамов Жанат Каримжанович

Сатыбалды Асем Сагиткызы

Зулкишев Жанибек Сабыржанович

Здуалиева Кымбат Муратовна

Азмаганов Канат Тайбасарович

Келісілді:
Меңгерушісі
МКҚК "Балапан"балалар бөбекжай бақшасы . Нурмаганова К.А

Қамқоршылық кеңестің отырыстары "Балапан" балабақшасы " МКҚК

хаттамасы №2

Өткізілген күні: 25 желтоқсан 2024 жыл

Өткізілген орны: «Балапан» балалар бөбекжай бақшасының АКТ залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

Қатыспағандар жоқ

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығында қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының қорытындысы.

2. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы

3. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері

4. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Кожулдаков жарты жылдықта атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Есеп барысында, қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралардың орындалғаны, ата-аналармен байланыс жұмыстарының жүргізілгені, балабақша өміріне қоғамдық бақылау жүргізілгенін айтты. Кеңес мүшелері оқу жылының алғашқы жартысында ұйымдастырылған мерекелік іс-шараларға қатысып және тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасалуына өз үлестерін қосқанын атап өтті.

Тыңдалды 2-мәселе:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.А.Нурмаганова тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытында жүргізілген жұмыстардың қорытындысына тоқталды.

Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында балабақша ғимараты мен аумағында қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізілді. Топ бөлмелеріндегі жиһаздар мен ойын құралдарының қауіпсіздігі, электр құрылғыларының жағдайы, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуы және балабақша ауласындағы ойын алаңдарының жарамдылығы жүйелі түрде тексеріліп отырды. Балабақшада 11 камера орналатылған. Бәрі жұмыс жасап тұр.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында күн тәртібінің сақталуына, дұрыс тамақтануына, таза ауада серуендеуіне, дене шынықтыру және сауықтыру шараларына ерекше көңіл бөлінді. Топтарда санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы қадағаланып, бөлмелерді желдету және тазалық жұмыстарын уақытылы жүргізу қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілерге жолда жүру, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қауіпсіздік және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер туралы жас ерекшеліктеріне сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға да балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға байланысты қауіпсіздік ережелері бойынша ақпараттар мен кеңестер берілді.

Тыңдалды 3-мәселе:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Здуалиева К.М ата-аналармен жүргізілген ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері туралы баяндады.

Оқу жылы ішінде ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар жиналыстары, кеңестер, мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналар балабақша өміріне белсенді араласып, өткізілген мерекелер мен түрлі іс-шараларға қатысып отырды.

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында балалардың тәрбиесі, дамуы, денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты тұрақты байланыс орнатылды. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, туындаған мәселелер бірлесіп талқыланды. Қамқоршылық кеңес мүшелері де ата-аналар қауымымен бірлесе отырып, балабақшада өткізілетін жұмыстарға қолдау көрсетті.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналар мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жақсы деңгейде қалыптасқаны атап өтілді. Алдағы уақытта да ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатыстырып, бірлескен жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Зулкишев Ж.С Кеңес мүшелерінің белсенділігі балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтқанын атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңестің жарты жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Екінші жарты жылдыққа арналған міндеттер жүйелі орындалсын

3. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік талаптарын сақтау жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.

5. Ата-аналармен жүргізілген ынтымақтастық жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

6. Ата-аналарды балабақшаның тәрбиелік, мерекелік және қоғамдық іс-шараларына белсенді қатыстыру жұмыстары жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: _____ **Кожулдаков А.Т**

Хатшы: _____ **Жетписбаева С.Т**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Мейрамов Жанат Каримжанович _____

Сатыбалды Асем Сагиткызы

Зулкишев Жанибек Сабыржанович

Здуалиева Кымбат Муратовна

Азмаганов Канат Тайбасарович

Келісілді:

Меңгерушісі

МКҚК "Балапан"балалар бөбекжай бақшасы Нурмаганова К.А

«Балапан» балалар бөбекжай бақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №3

Күні: 31.03.2025 ж

Қатысушылар: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы балалардың қатысымы, сауықтыру жұмыстары.
2. Балабақшадағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру, сапасын бақылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі К.Нурмаганова кеңес мүшелеріне жұмыс мазмұнымен таныстырды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Коман Ардақ баяндама жасады. Балаларға күнделікті витамин «Аскорбин қышқылы» берілді. Балалардың күнделікті тамақтануына С дәрумені қосылып, журналы тіркелді. «Тұмаудың алдын алу ЖРВИ» «Қызылша» және оның алдын алу туралы әңгімелер өткізіліп топтарға парақшалар таратылды. Әр он күн сайын жоспар бойынша балалар тері ауруымен педикулезге тексеріліп журналға тіркелді. Балалардың күн тәртібі бақыланып, серуенге шығуы қадағаланды. Балабақшаның санитарлық жағдайы тексеріліп топтардың тазалығы қадағаланды, күнделікті дез. ерітіндімен ауқымды жинау жұмыстары жүргізілді. «Тұмау мен ЖРВИ» кезінде оксалин майы жағылды, түстен кейін ұйқыдан оянған соң балалар тәрбиеші бақылауымен аузын тұз ерітіндісімен шаяды. Ай соңында балалардың қатысымы мен сырқаттану көрсеткіштері бойынша мониторинг жасалынды. Барлық балалар саны - 28, соның яғни наурыздың 31-ші жұлдызында келген бала саны - 25, ауырған бала саны - 3, себепсіз келмеген бала болмады. Топтардың ата-аналар бұрышына және ас блоктарында көрінетін жерде «Қызылша инфекциясының алдын алу» бойынша парақшалар таратылды. Топтардың ата-аналарымен «Қызылша инфекциясының алдын алу» тақырыбында әңгімелер өткізіліп, кеңес берілді.

Балабақша тәрбиеленушілеріне азық-түлікті сатып алу туралы ақпарат жергілікті ақпарат құралдарына жарияланып, ақпарат интернет-ресурсқа салынды. Азық-түлікті сатып алу бойынша 2025 жылдың 12 айына жылдық жоспар құрылып, конкурстық құжаттар бекітілді.

Балабақшаға азық-түлік тасымалдаушылар: ИП «Тайкенова» азық-түлік тасымалдаушылармен келісім-шарттар жасалды. Балабақша ас блогының бөлмесінде тамақ дайындауға қажетті ыдыс-аяқтың жеткілікті мөлшері бар, оны өңдеу нұсқауларға сәйкес раковинада қолмен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жуу және дезинфекциялау құралдары жеткілікті. Дайын өнімнің тәуліктік сынамасы екі тоңазытқышта сақталады. Тоңазытқышта өнімдердің жақындығы байқалады, сонымен қатар температура режимін сақтау үшін термометр бар. Кесетін тақталар, үстелдер мен пышақтар таңбаланған. Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық,

ас блогының үй-жайын жинауға мұқаммал бар. 10 күндік ас мәзірі, бар меңгерушімен бекітілген. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтану дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: **Кожулдаков А.Т**

Хатшы: **Жетписбаева С.Т**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Мейрамов Жанат Каримжанович

Сатыбалды Асем Сагитқызы

Зулкишев Жанибек Сабыржанович

Здуалиева Кымбат Муратовна

Азмаганов Канат Тайбасарович

Келісілді:

Меңгерушісі

МКҚК "Балапан"балалар бөбекжай бақшасы Нурмаганова К.А

«Балапан» балалар бөбекжай бақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №4

Өтілген күні: 21.05. 2025 ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері-7

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2024–2025 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарының есебі.

2. Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын және ауласын дайындау жұмыстары.

3. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

Тыңдалды 1-мәселе:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Кожулдаков А.Т 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Оқу жылы барысында қамқоршылық кеңесі балабақша әкімшілігімен және ата-аналар қауымымен бірлесе отырып, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау, мерекелік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту бағытында жұмыстар жүргізгенін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақшада өткізілген іс-шараларға белсенді қатысып, ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырды. Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Тыңдалды 2-мәселе:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.А.Нурмаганова келесі оқу жылына балабақша ғимараты мен ауласын дайындау жұмыстарына тоқталды. Жаңа оқу жылына дайындық барысында топ бөлмелерінің, жатын бөлмелердің, дәліздердің, ас үй мен басқа да бөлмелердің санитарлық жағдайын тексеру, қажетті жөндеу және тазалық жұмыстарын жүргізу жоспарланды.

Сонымен қатар, балабақша ауласындағы ойын алаңдарын ретке келтіру, ойын құралдарының қауіпсіздігін тексеру, сынған немесе жөндеуді қажет ететін жабдықтарды қалпына келтіру, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінетіні айтылды. Балалардың қауіпсіздігі үшін

балабақша аумағы мен ғимаратының жаңа оқу жылына толық дайын болуы қажеттігі ескертілді.

Тыңдалды 3-мәселе:

Үшінші мәселе бойынша балалардың жазғы демалысын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру мәселесі қаралды. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың таза ауада көбірек уақыт өткізуіне жағдай жасау, қимылды және спорттық ойындар, серуендер, шынықтыру шаралары мен ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру жоспарланды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуға, дұрыс тамақтануына, күн тәртібінің сақталуына және қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажеттігі айтылды. Күннің ыстық уақытында балаларды тікелей күн сәулесінен қорғау, ауызсу режимін сақтау және серуен кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау міндеттелді. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Келесі оқу жылына балабақша ғимараты мен ауласын дайындау, жөндеу, тазалау және абаттандыру жұмыстары уақытылы жүргізілсін.

3. Балабақша ауласындағы ойын алаңдары мен құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі тексеріліп, анықталған кемшіліктер жойылсын.

4. Балалардың жазғы демалысы мен сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

5. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау жұмыстары күшейтілсін.

6. Ата-аналарға балалардың жазғы демалысы мен қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Кожулдаков А.Т

Хатшы: Жетписбаева С.Т

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Мейрамов Жанат Каримжанович

Сатыбалды Асем Сагитқызы
Зулкишев Жанибек Сабыржанович
Здуалиева Кымбат Муратовна
Азмаганов Канат Тайбасарович

Келісілді:

МКҚК "Балапан"балалар бөбекжай

бақшасы меңгерушісі Нурмаганова К.А